

байланысының маңыздылығын айқындады. Қазақстандық педагогика ғылымында:

• **Ж.Әбиев, С.Бабаев, А.Құдиярова** сынды ғалымдар өз еңбектерінде отбасы тәрбиесінің тұлға қалыптасуына әсерін ашып көрсетті. Олардың пікірінше, бала бойында ізгілік, жауапкершілік, адамгершілік қасиеттерінің дамуы отбасындағы тәлімге тікелей байланысты.

• **С.Қалиев** – халықтық педагогика негізінде отбасы тәрбиесінің мазмұны мен ұлттық ерекшеліктеріне тоқталып, отбасылық құндылықтарды бастауыш мектеп бағдарламасына енгізудің қажеттілігін ұсынды.

• **Қ.Ж.Нұртазина** отбасындағы тәрбиелік ықпалдың жүйелілігі мен сабақтастығы туралы жазып, мұғалім мен ата-ана арасындағы кәсіби диалогтың бала тәрбиесіне әсерін зерттеген.

• **Б.Мұқанова** отбасындағы тәрбие берудің психологиялық-педагогикалық аспектілерін сипаттап, ата-аналарға арналған әдістемелік ұсыныстар дайындады.

Шетелдік зерттеушілер арасында:

• **А.С.Макаренко** – отбасы мен мектептің бірлескен тәрбиелік ықпалының маңыздылығын алғашқылардың бірі болып дәлелдеген. Ол отбасындағы педагогикалық сауаттылықтың болмауы баланың дамуына кері әсер ететінін атап өтті.

• **В.А.Сухомлинский** – баланың рухани дамуы отбасында махаббат пен сенімділікке негізделген жағдайда ғана жүзеге асатынын дәлелдеп, әр ата-ананың «жеке педагог» болу қажеттігін ұсынған.

• **И.В.Вагин** – отбасындағы психологиялық ахуал мен ата-ананың қарым-қатынас стилінің бала тұлғасына ықпалын зерттеген. Ол ата-ана мен мұғалім арасындағы серіктестік моделі тиімді тәрбиеге жол ашатынын көрсеткен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айтмамбетова Б.Ф. «Тәрбие теориясы мен әдістемесі», Алматы, 2011.
2. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. – Алматы: Дарын, 2021.
3. Вагин И.В. Психология семейного воспитания. – Москва: Просвещение, 2020.
4. Жұмабаев М. «Педагогика», Алматы, 2005.
5. Қалиев С. Халық педагогикасының негіздері. – Алматы: Білім, 2023.
6. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру бағдарламасы. – НҚА, 2021.
7. Мұқанова Б. Отбасындағы тәрбие негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2022.
8. Мұхтарова Г.Ж. Отбасы мен мектептің тәрбиелік серіктестігі. – Қазақстан мектебі, 2021, №4.
9. Нұртазина Қ. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. – Астана: Фолиант, 2020.
10. Сейталиева К.Ж. «Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының әдістері», Астана, 2019.

ӘОЖ:378.015

## **БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ДАМУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

**Амирова А.С.**

**Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан**

Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагогтердің электрондық білім беру ресурстарын пайдалану даярлығын қалыптастыру мәселесінің өзектілігін, біз, біріншіден, Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мақсатын – цифрлық технологияларды пайдалану мен дамыту арқылы мемлекет экономикасының бәсекелестігін арттыруды жүзеге асырудың басты бағыты ретінде қарастыра аламыз.

Бастауыш білім беруде цифрлық технологиялар маңызды рөл атқарады және олардың болашағы зор. Дұрыс қолданылған жағдайда цифрлық технологиялар студенттердің білім сапасын арттырып, оқыту үдерісін анағұрлым қызықты әрі тиімді етеді. Бүгінгі таңда білім беру жүйесі негізгі үш бағыт бойынша жүргізілуде: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті, білім беруді басқаруды цифрландыру. Осыған байланысты, болашақ мамандарды цифрлық технологияларды пайдалануға даярлау үшін университеттердің техникалық базасын жетілдіру білім берудің басты бағыттарының бірі болуы тиіс.

*Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында:* Сингапур, Гонконг, Эстония,

Финляндия, Канада және басқа да дамыған елдерде педагог өзінің кәсіби деңгейін тек ресми оқыту аясында ғана емес, сонымен қатар бейресми түрде тренингтерге, вебинарларға, шеберлік-сыныптарға қатысу, әріптестерімен өзара іс-қимыл жасау, мектептегі ішкі оқыту нысандарына қатысу арқылы арттырады. Жалпы әлемде педагогтің үздіксіз кәсіби дамуын педагогикалық жоғары оқу орындары ғана емес, сондай-ақ біліктілікті арттыру провайдерлері де жүзеге асырады. Бұл үдеріске білім беру ұйымдары қатысады. Осы факторлардың барлығы кәсіби даму үдерісінің тұжырымдамалық тәсіліне қарай: педагогикалық жоғары оқу орындарына іріктеу, педагогикалық даярлық, мамандыққа кіру кезеңдерінде, оқытудың және өзінің кәсіби дамуының бастапқы кезеңінде бірлесіп әрекет етеді [1].

Қазіргі постиндустриалды қоғамға негізгі үш сипат (білім, ақпарат, цифрлық технология) тән екенін ескерсек, мұнда ақпарат әлеуметтік үдерістердің жұмыс істеуінің қайнар көзі ретінде әрекет етеді және олардың арасындағы өзара байланыстың шарты болып табылады. Себебі ғаламдық желі көмегімен ақпараттық кеңістікті қалыптастыруға, адам өмірінің экономикалық саласын көркейтуге, әлемдік құндылықтарға, озық тәжірибеге жол ашылады. Яғни ауқымды ақпаратқа қол жеткізу арқылы жеке тұлғаның дүниетанымын кеңейтін, өзін-өзі жүзеге асыруға мол мүмкіндіктер беріледі. Бұл үздіксіз ақпараттар ағынының қарқыны өз кезегінде әлеуметтік орта мен жеке адамдардың өмірін жаппай цифрландыру жағдайына әкеліп отыр.

Әлемдегі заманауи цифрлық технологиялардың басты құндылығы – бұл тек құрал ғана емес, сонымен бірге жаңа мүмкіндіктерге ие интеллект ортасы болуы: кез келген ыңғайлы уақытта оқыту, үздіксіз білім беру, жеке білім беру маршрутын жобалау, кез келген пайдаланушының электрондық ресурстарын тұтынушыдан оны жасақтаушыға айналуында болмақ.

Цифрлық білім беру ресурстары – компьютерді қолдану арқылы жүзеге асатын өнім. Цифрлық білім беру ресурстары деп қазіргі заманғы білім берудің мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға бағытталған графикалық, мәтіндік, цифрлық, сөйлеу, музыкалық, бейне, фото және басқа да ақпаратты қамтитын ақпараттық дереккөздер түсіндіріледі. Күнделікті практика көрсетін отырғандай, олардың басты құндылығы – бүгінгі цифрлық қоғам сұранысына сәйкесті педагогтерге оқытудың мазмұнын, әдістері мен ұйымдастырушылық нысандарына сапалы деңгейде өзгеріс енгізуге мүмкіндік беруі.

Осыған орай, біз бүгінгі ақпараттандырудан цифрландыруға өту кезеңінде білім беруді цифрландыруды жүзеге асыру үдерісінің тиімді құралы – цифрлық білім беру ресурстары (ЦББР) деп нақты айта аламыз. Сол себепті де цифрлық білім беру ресурстарын оқу және оқыту үдерісінде тиімді қолдана алу, болашақ педагогтердің цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану даярлығын қалыптастыру – бүгінгі күн талабынан туындап отырған өзекті мәселе.

Бүгінгі күні еліміздегі білім беруді цифрландырудың басты мақсаты – заманауи озық ақпараттық технологияларды қолдану негізінде білім берудің бірыңғай ақпараттық ортасын құру арқылы ұлттық білім беру сапасын арттыру. Ол өз кезегінде педагогтердің біліктіліктері мен дайындық деңгейіне жаңа талаптар қоя отырып, олардың кәсіби қызметіндегі нақты қайта құруларды қажет етеді. Өйткені, қазіргі қоғам үшін кәсіби қызметіне функционалды дайындығы ғана емес, сонымен қатар тез өзгермелі қоғам жағдайына тез бейімделе алатын шығармашыл, құзыретті маман қажеттігінің басымдылығы артуда.

Отандық ғалымдар елімізде цифрландыру үдерісінің жүзеге асу қарқынына сипаттама жасап, Қазақстан 4.0 индустриясын дамытуда перспективалы ел болуға толық мүмкіндік бар деп тұжырымдайды. Оны белсенді енгізу үшін ең алдымен, білім беруді цифрландыру қажеттігін баса көрсетеді, өйткені бұл үдерістің білім беру сапасына әсері білім алушыларға әлеммен, әсіресе заманауи технологиялармен нақты танысуға мүмкіндік беретіндігімен дәлелдейді.

Цифрлық мәдениетті анықтайтын негізгі құбылыстарға дербес компьютер мен цифрлық құрылғылардың барлық түрлері жатады: ғаламтор, жасанды интеллект, жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету, компьютерлік графика және виртуалды шындық жүйелері, дәстүрлі байланыс құралдарының сандық форматтары (кітаптар, фотосуреттер, аудио және бейнежазбалар, цифрлық теледидар және т.б.), компьютерлік ойындар, технологиялық өнер туындылары. Аталған үдерістер толықтай ғаламтор желісінде болып, дәстүрлі қабылдау үшін жиі теріс қабылданатын екіұшты тенденцияларды тудырады. Цифрлық дәуірде мәдениеттің ерекше түрін қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр.

Таваданның тұжырымдауынша, қазіргі цифрлық білім беру орта үш негізгі жағдайларға негізделеді:

- біріншіден, бүкіл әлем цифрлық форматқа көшуде және соған сәйкесті білім беру үдерісі артта қалмауы тиіс;

- екіншіден, білім беруді цифрландыру жекелік білім траекториясын таңдауға мүмкіндік берін, өз біліміне деген жауапкершілікті арттырады;

- үшіншіден, білім берудің тұтас цифрлық жүйесі барлық ел азаматтарына сапалы және тын жаңа білім алуға тең қолжетімділік бере алады [2].

Жалпы цифрлық білім беру ресурстары ұғымы қарапайым «қағаз» ақпарат көздері (кітаптар, журналдар, газеттер, оқулықтар, оқу құралдары және т.б.) ұғымынан және электронды бұқаралық ақпарат құралдарының (радио және теледидар сияқты) көмегімен таратылатын мазмұнды материалдан, сондай-ақ, соңғы отыз жыл ішінде айтарлықтай өзгерген дәстүрлі педагогикалық бағдарламалық құрал ұғымынан туындайды. Қазіргі таңда сабақта цифрлық білім беру ресурстарын қолданбай елестету мүмкін емес, сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдері ақпараттық технологияны толық меңгеріп, галамторда еркін жұмыс істей білуі тиіс. Мұнда педагог білім берін қана қоймай, білім алушыларды өз бетімен білімді толықтыру көздерін табуға, өзін-өзі жүзеге асыра білуге бағыттау қызметін атқарады. Осыған байланысты, ақпаратқа қол жеткізуді жеңілдетін қана қоймай, білім беру жүйесін жаңаша құруға мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық техно- логиялар негізінде құрылған оқытудың жаңа моделіне сәйкесті құрылған тұтас педагогикалық үдерісті талап ететіндігін ескеру қажет.

Болашаққа қадам: цифрлық технологиялардың бастауыш білім берудегі болашағы көпфункционалдық рөлі келесі мазмұнда сипатталады.

- оқытудағы көрнекіліктің жедел құралы ретінде;
- білім алушылардың практикалық машықтарын пысықтауда көмекші құрал;
- білім алушыларға сауалнама жүргізу және бақылау, сондай-ақ, үй тапсырмаларын бақылау және бағалау құралы;
- схемалармен, кестелермен, графиктермен, шартты белгілермен жұмыс жасау мүмкіндігі;
- білім алушылардың шығармашылық жұмыстарындағы мәтіндерді редакциялау және қателерді түзету құралы.

Болашаққа қадам: цифрлық технологиялардың бастауыш білім берудегі болашағын электронды білім беру ресурстары оқыту құралы ретінде артықшылықтарын анықтайтын бірқатар басымдылықтарын көрсетеміз. Олар:

1. Мультимедиа құралдары. Ақпаратты ұсынуда бірнеше құралдарды бір уақытта қолдану: графика, мәтін, бейне, фотосурет, анимация, дыбыстық эффектілер, жоғары сапалы дыбыстық сүйемелдеу.

2. Интербелсенділік. Электронды білім беру ресурстарындағы интербелсенділік жиын элементтерінен бірнеше таңдау арқылы қамтамасыз етіледі; пернетақтадан мәтін енгізу, содан кейін қателерді талдау және жүйелеу; жаңа ақпараттық объектілерді аудиовизуалды түрде ұсына отырып, композицияның интерактивті мультимедиа элементтерін белсендіру; белгілі бір жүйені ұйымдастыру мақсатында объектілерді байланыс арқылы біріктіру.

3. Қолжетімділік. Электронды білім беру ресурстарының қолжетімділігі оларды ыңғайлы уақытта және кез келген қолданушымен әлеуметтік медиа қарым-қатынаста болуын қамтамасыз етуі [3].

4. Жан-жақтылығы. Әмбебаптылық – бұл электронды білім беру ресурстар сапасы оқу пәні бойынша нақты оқу-әдістемелік кешенге қатаң байланысты емес және кез келген оқу-әдістемелік кешен сабақтарына енгізілуі мүмкін материал бойынша білім, білік, дағды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

5. Вариативтілік. Вариативтілік деп оқу мазмұнының бір фрагментін әр түрлі оқу-әдістемелік кешендерге (ОӘК) және оқу бағдарламаларына бағдарлай отырып ұсыну түсіндіріледі және ерекшеленеді, бұл білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру кезінде білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін оқушылардың әртүрлі санаттары үшін мазмұнды игерудің жеке траекторияларын құруға мүмкіндік береді [4].

Білім беру саласында цифрлық технологиялар оқу мен оқытудың мазмұнын да, әдістерін де түбегейлі өзгертті. Олардың білім беру тәжірибесіне әсерін асыра бағалау қиын, өйткені олар студенттер мен оқытушылар үшін жаңа мүмкіндіктер ашып қана қоймайды, сонымен қатар қазіргі білім беру үдерісінде ескерілуі керек бірегей қиындықтар мен талаптарды тудырды.

Цифрлық технологиялар оқытуды дараландыруға да ықпал етеді. Жасанды интеллектті қолданатын бейімделген оқыту жүйелері әр білім алушының үлгерімі мен қажеттіліктерін жеке тапсырмалар мен ұсыныстар беру арқылы талдай алады. Бұл әр білім алушыға өз мүмкіндігімен материалды игеруде қиындықтарға тап болған кезде өте маңызды немесе керісінше оны басқаларға қарағанда тезірек игереді. Бұл тәсіл оқудың тиімділігін арттырады, өйткені оқу үдерісі білім

алушылардың жеке қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес келеді.

Мультимедиялық ресурстар, виртуалды зертханалар және модельдеу тақырыптарды зерттеуді қызықты әрі көрнекті етеді. Мысалы, виртуалды шындық студенттерге тарихи оқиғаларға «қатысуға» немесе үш өлшемді кеңістіктегі күрделі ғылыми тұжырымдамаларды зерттеуге мүмкіндік береді, бұл материалды жақсы түсінуге және есте сақтауға ықпал етеді.

Осылайша, цифрлық технологиялардың білім беру тәжірибесіне әсері көп қырлы және жан-жақты екенін көруге болады. Олар оқытудың жаңа көкжиектерін ашады, оны қол жетімді, жекелендірілген, интербелсенді және икемді етеді. Бұл технологияларды білім беру үдерісін жақсарту үшін пайдалану ғана емес, сонымен бірге барлығына қауіпсіз және тең білім беру үшін байланысты қиындықтарды ескеру маңызды. Білім беруде цифрлық технологияларды түсіну және тиімді енгізу ХХІ ғасырдың талаптарына жауап беретін неғұрлым әділ және заманауи білім беру ортасын құруға көмектеседі.

Білім беру саласындағы цифрлық технологиялар оқыту әдістері мен тәсілдерін түбегейлі өзгертетін маңызды артықшылықтар беру арқылы шешуші рөл атқарады. Олардың әсерінің маңызды аспектілерінің бірі -білімге қолжетімділік арттыру, оқу үдерісін даралау және студенттердің интербелсенділігі мен қатысуын арттыру.

Цифрлық технологиялар білім беру саласында төңкеріс жасап, оған жана мүмкіндіктер әкеліп, сонымен бірге жаңа сын-қатерлер туғызатыны сөзсіз. Қорытындылай келе, цифрлық технологиялар білімге қол жеткізуге, оқуды дараландыруға және оқуға деген қызығушылықты арттыруға жаңа мүмкіндіктер бере отырып, білім беру үдерісін түрлендіруде айтарлықтай әлеуеті бар,- деп айтуға болады.

Цифрлық білім қазіргі әлемнің ажырамас бөлігіне айналуға. Технологияның дамуымен және интернетке қол жетімділіктің артуымен білім беру үдерістері айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды. Педагогикадағы цифрлық білім беру технологиялары оқыту сапасын жақсартуға, оны қолжетімді және жекелендіруге мүмкіндік береді.

Coursera, Udey және Khan Academy сияқты Онлайн курстар мен білім беру платформалары танымал бола бастады. Қазіргі уақытта жоғары білім беру саласындағы жаһандық бәсекелестік, электрондық оқыту мен қашықтықтан білім беру технологияларын дамыту, жаппай ашық онлайн курстарды (ЖАОК) кеңінен қолдану білім беруді қолжетімді етеді. Мұның бәрі университеттегі білім беру үдерісінің мазмұнының өзгеруіне, студенттердің оқуы туралы жаңа түсінікке әкеледі. Университеттің рөлі білім алушыларға тиімдірек оқуға көмек көрсету, қазіргі уақытта еңбек нарығында сұранысқа ие құзыреттерді игеруді қамтамасыз ету, кәсіби міндеттерді практикалық шешу дағдыларын беру болып табылады. Оқытудың жаңа үлгілері мен әдістемелері білім алушылардың қабілеттерін анықтап, оларды пайдалануға үйретуі, топтық оқыту арқылы ынтымақтастық дағдыларын сіңіруі тиіс оқыту болып табылады.

Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда виртуалды лабораторияларды пайдалануы цифрлық технологиялардың бастауыш білім берудегі болашағымен байланыстыра қарастыруға болады. Жоғары оқу орнын қажетті цифрлық технологиялармен толыққанды қамтамасыз ету деңгейін мысал ретінде ала отырып, біз білім алушыларды оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін электрондық ресурстар маңызды. Мысалы, интерактивті қызмет түрлері смарт-тактаны енгізуі, «Хайфлекс» сыныбы (лаборатория), Дуалды білім беруге арналған «KazDual» (обсерватория) атап өтуге болады.

Цифрлық технологияларды табысты қолдану - ХХІ ғасырдағы білім берудің аса маңызды міндеті, бүгінде онымен оқыту, дамыту, табысты өмірлік траекторияны құрумен байланысты. Осыны ескере отырып, білім беру саясатының маңызды бағыты оқытуды ақпараттандыру үдерістері болып табылады. Осы тұрғыда бұл үдеріске қатысушылардың барлығының цифрлық сауаттылығын, цифрлық дағдылары мен құзыреттіліктерін игеру білім берудің мақсаты және қоғам мен мемлекет экономикасының толыққанды әрі табысты дамуының маңызды факторы болып табылады.

Қ.Мұхамеди жасанды интеллект және цифрлық технологиялардың келесі бағыттарын ұсынды:

- Жасанды интеллект және үлкен деректер (Big Data).
- Қазақстандағы IT-индустрияның дамуы.
- IT мамандарын даярлау бағдарламалары [5].

Бұдан автордың жасанды интеллект пен Big Data технологияларының цифрлық сауаттылыққа әсерін зерттеп, Қазақстанда жоғары технологиялық кадрларды даярлау қажет, - деп санаймыз.

Ал А.Бекенова Қазақстандағы цифрлық медиасауаттылықты зерттей отырып, негізгі үш бағытты ұсынған:

- Қазақстанда ақпараттық және медиа сауаттылық деңгейі.

- Fake news (жалған ақпарат) мәселелері.
- Азаматтардың медианы сыни тұрғыдан қабылдау қабілеті [6].

Бұдан автордың қазақстандықтардың цифрлық және медиасауаттылық деңгейін зерттеп, жалған ақпараттың таралуына қарсы күрес жүргізу үшін халықтың ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдау қабілетін арттыру қажет екенін көруге болады.

А.Е.Жанасова – Big Data және цифрлық аналитиканы келесі зерттеу бағыттарын ұсынған:

- Big Data және оның мемлекеттік басқарудағы рөлі.
- Қазақстандағы цифрлық деректерді талдау әдістері.
- Деректерге негізделген шешім қабылдау жүйелері [7].

Автор Қазақстандағы үлкен деректерді пайдалану мен өңдеудің маңыздылығын атап өтіп, цифрлық сауаттылықтың деректермен жұмыс істеу қабілетімен тікелей байланысты екенін көрсеткенін атап өткіміз келеді.

Қазақстандық ғалымдар цифрлық сауаттылықты білім беру, экономика, ақпараттық қауіпсіздік, медиа және мемлекеттік басқару тұрғысынан зерттеп келеді. Олар цифрлық технологияларды күнделікті өмірге енгізудің тиімді жолдарын қарастырып, Қазақстанның цифрлық дамуын жеделдетуге бағытталған ғылыми ұсыныстар жасап отыр, - деген тұжырым жасаймыз.

Р.К.Төлеубекова және басқа да авторлар «цифрлық сауаттылық» ұғымы ақпараттық қызмет ретінде компьютерді пайдалана білу қабілетінің аясынан әлдеқайда кеңірек деңгейге шықты және технологиялық сауаттылыққа, яғни компьютерлік және ақпараттық-компьютерлік сауаттылыққа байланысты ұғымдармен қатар қарастырылатынын атап өтеді [8].

Н.Катаев цифрлық білім беру технологиялары бойынша мұғалімге сабақты нәтижелі, түсінікті және қызықты етіп өткізуге арналған көмекші сервистер Videoscribe, Padlet, Pixton, Flippity, Socrative, Hot potatoes, No Hands, Quizizz, ClassDojo, Learnis, Tilda Publishing туралы ақпарат беріп, технологияларға талдау жасаған болатын [9].

Болашаққа қадам: бастауыш білім берудегі цифрлық сауаттылық пен интеллектуалды дамудағы заманауи технологиялар дегенде оны іске асыратын алдымен бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау десек, екінші басты мәселе олар қызмет істейтін мектеп болмақ.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында айтылғандай, 2025 жылға дейін елімізде 800 мыңға жуық баланың заманауи мектепте білім алуына жағдай жасалады. Ол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Еліміздің әр өңірінде ұлттық жоба аясында заманауи мектеп ашылуда. Жоба аясында ашылған мектептер заманауи құрылғылармен толық жабдықталып, зертханалармен қамтамасыз етілген. Бастауыш сыныптар үшін жеке блог болады. Мақсат – оқушылар мен мұғалімдерге қолайлы әрі қауіпсіз жағдай жасау және білім беру қызметінің сапасын арттыру [10].

Мақсатқа жету үшін екі негізгі міндетті орындау көзделін отыр:

1. Қалалар мен ауылдық елді мекендерде оқушы орындарының қазіргі және болжамды тапшылығын жою үшін 2026 жылға дейін кемінде 740 мың (екі ауысымды оқыту кезінде) жаңа оқушы орнын пайдалануға беру;

2. Ұлттық жоба шеңберінде қолданысқа тапсырылатын мектептерде жайлы және қауіпсіз білім беру ортасын құру.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында: пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу педагогтер мен білім алушыларға арналған электрондық платформалар арқылы жүзеге асырылады, бұл бүкіл оқу үдерісін цифрландыруға әкеледі. Мазмұнды платформалар, сапалы оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер, оқу үдерісінде планшеттерді пайдалану білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша дағдыларды дәйекті және жүйелі дамытуға мүмкіндік береді, материалдардың көрнекілігін, қолжетімділігін, даралығын, білім алушылардың дербестігін қамтамасыз етеді. Барлық сыныптарда мультимедиялық (аудио, бейне), интерактивті мазмұны және геймификация элементтері бар функциялары бар инварианттық пәндер цифрлық оқулықтармен 100 % қамтылады, - деп көрсетілген [1].

Цифрлық технологияларды игеруге, оқуға дайындауға арналған жеке пәнді және болашақ әлеміндегі өмір қосымша енгізілуі де мүмкін. Бұл пән бойынша сабақтар көбінесе өз пәнінде жобалық нысанда өткізу, цифрлық құралдардың мүмкіндіктері мен пайдасын көрсететін болады. Цифрлық құралдарды ақылға қонымды және негізді игеру бастауыш мектептің барлық мақсаттарына тиімді қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Білім беру реформасы жүріп жатқан еліміз үшін білім беру ұйымдарында атап айтқанда, АКТ құралдарын пайдалану жағдайында болашақ мамандарды, мұғалімдер мен бастауыш сынып

оқушыларының цифрлық сауаттылығын дамыту үдерісінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану және олардың оқу үдерісіне кірігуі үшін жағдай жасау ерекше маңызды болып табылады. Цифрлық технология – бұл әртүрлі ақпараттың үлкен көлеміне шексіз қол жеткізу мүмкіндігі, олар деректерді оңай және жылдам тасымалдауға арналған.

Болашақ мамандарды бастауыш сыныптарда оқушыларды цифрлық технологияны оқуда және күнделікті өмірде оқу тапсырмаларын орындауда үйрету барысында педагог маңызды рөл атқаратынын түсіндіру маңызды. Бұл ретте білім алушылардың оқуға, шығармашылыққа деген қызығушылығын дамыту да маңызды. Бұл міндет сонымен қатар оқу үдерісінде әртүрлі ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдануды шешуге мүмкіндік береді.

Мультимедияны оқу және сабақтан тыс жұмыстарда, бейне-презентацияларда, арнайы оқыту бағдарламаларында белсенді пайдалану, қашықтықтан конкурстар мен олимпиадаларға қатысу оқу үдерісін жандандырып қана қоймайды, сонымен қатар білім алушының оқуға деген ынтасын арттырып, интеллектуалды дамуын қамтамасыз етеді. Бұл бұл болашақ мамандарға өте тиімді, өйткені университет қабырғасында бастауыш сынып оқушыларына пәндердің мазмұнын оқытудың әдістемесін меңгереді. Техникалық оқыту құралдарын қолданатын сабақтар бүгінде оқытушылар мен студенттер үшін үйреншікті болып табылады. Дегенмен, электрондық ресурстар күн санап жетілдіріліп, өте көп мөлшерде платформалар шығып жатқаны белгілі. Жоғары оқу орнында цифрлық ресурстарды пайдаланудың негізгі мақсаты - оқу сапасын жақсарту, оны білім алушылар үшін белсенді ету, олардың шығармашылық ізденіспен жұмыс істеу мүмкіндіктерін арттыру.

Цифрлық технологиялар оқытудың заманауи технологияларын енгізуге мүмкіндік береді. Олар:

- Интербелсенді оқыту – электронды тақталар, мультимедиялық ресурстар және анимацияланған оқу материалдары студенттердің қызығушылығын оятады.
- Бейімдеп оқыту жүйелері – әр студенттің жеке қабілеттеріне сәйкес білім беру бағдарламасын бейімдеу мүмкіндігі.
- Қашықтан оқыту және онлайн ресурстар – студенттерге бастауыш сыныптарда оқытылатын пәндердің оқу бағдарламасын кез келген жерде игеруге мүмкіндік береді.
- Ойын арқылы оқыту (геймификация) – студенттерге білімді ойын элементтері арқылы меңгертуге көмектеседі.

Сонымен, цифрлық технологиялардың бастауыш білім берудегі болашағы туралы пікірімізді қорытындылайтын болсақ, біріншіден, елімізде жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлауда цифрлық технологияларды пайдалану, екіншіден, білім беретін ұйымдарды электрондық ресурстармен толықтай жабдықтау, электрондық кітапханалар, жайлы мектептерді іске қосу, үшіншіден университеттер мен мектептерді басқаруды электронды айналмалы құжаттар барлығын цифрландырудың жетілдірілген нұсқасымен қамтамасыз ету қажет, - деген тұжырым жасауға болады.

Цифрлық сауаттылық саласындағы қол жеткен зерттеулерді талдай отырып, «цифрлық сауаттылық» ұғымы өте кең таралған ұғым болғанымен, оның мағынасы да әралуан екенін атап өтуге болады. Көптеген дереккөздерде цифрлық сауаттылық білімдер, бейімділіктер, дағдылар жиынтығы, - деп түсіндіріледі.

Цифрлық сауаттылық әлемнің әр елінде қоғамның әр түрлі сегменттерін қамтитын маңызды дағдылар ретінде қалыптасып, цифрлық әлемде жеке тұлғаның қауіпсіздігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

*Қорыта келе*, цифрлық сауаттылық пен интеллект қазіргі қоғамда білім, ғылым және технология салаларында маңызды рөл атқарады. Бүгінгі таңда цифрлық сауаттылық әрбір азамат үшін қажетті дағды болып табылады, ал интеллектті зерттеу адамның танымдық мүмкіндіктерін арттыру мен жасанды интеллекттің дамуына ықпал етуде. Бұл салалардағы зерттеулер болашақта білім беру, жұмыс нарығы және технологиялық инновациялар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Цифрлық сауаттылық пен интеллект тақырыптарын зерттеу үшін сенімді және ғылыми негізделген дереккөздерді пайдалану маңызды болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>

2. Тавадян А.М., Зима В.А., Хусаинова Н.Б. Теоретические основы подготовки студентов к педагогической деятельности в условиях цифровизации образования // KANT, 2019. – №3 (32). – С.

3. Рахматуллина Э.Д. Использование информационных технологий в инклюзивном образовании // Образование и воспитание. – 2020. – №3. – С. 82-84.
4. Мошқалов А.Қ. Білім беру жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің теориялық- практикалық негіздері // Ғылыми-педагогикалық басылым «Ұлт тағылымы». – 2012. – №2. – С. 262-267.
5. Мұхамеди, Қ. Жасанды интеллект және цифрлық технологиялар: Болашақтың мүмкіндіктері мен Қазақстандағы орны. Алматы: ҚазҰТУ баспасы, -2021.
6. Бекенова А. Fake news және медиасауаттылық: Қазақстандық қоғамның келешегі. Педагогика және ақпараттық технологиялар журналы, 23(4), 56-62. -2021.
7. Жанасова А.Е., Окутасва С.Т. Инновационный потенциал социального предпринимательства в сфере образования // Сборник международной научно-практической конференции «Наука и образование в эпоху цифровизации». Нұр-Сұлтан: Астана халықаралық университеті, 2022. -275-286.
8. Төлеубекова Р.К., Маусумбаев Р.С. Білім беруді цифрландыру жағдайында әлеуметтік педагогтің кәсіби даму аспектілері // The Europe and the Turkic World: Science, Engineering and Technology" Materials of the VI International Scientific-Practical Conference May 5-7, 2021 Bursa (Turkey) Volume II Bursa, 2021. – Б. 209-2015
9. Н.С. Қатаев, А. Еркінқызы. Оқыту процесін ұйымдастыруда цифрлық білім беру технологияларының тиімділігі // Педагогикалық ғылымдар сериясы. №2 (67) 2021 -71-80
10. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022\\_2/history](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_2/history)
11. Білім беру саласындағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыру <https://skcn.kz/kz/page/komfortnava-shkola>

ӘОЖ 37 (4/9)

## БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ РӨЛІ

Ануарбек Д.А., Шамилова П.С.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Қазіргі қоғамға белгілі бір білім, білік, дағдыларды меңгерін қана қоймай, дербестігі, жауапкершілігі, сыни көзқарасы, өзін-өзі дамытуға қажеттілігі бар, стандарттан тыс ойлай алатын және өз ойын жеткізе білетін адам қажет. Заманауи білім беру жүйесі мұғалімдерден кәсіби білім мен біліктілікті ғана емес, өзі қызмет ететін қоғамның этномәдени ерекшеліктерін терең түсінуді талап етеді. Балалардың дүние туралы негізгі түсініктерін қалыптастыратын болашақ бастауыш сынып мұғалімдері үшін этнопедагогикалық және тіл мәдениеттері олардың кәсіби дайындығының негізгі элементтеріне айналады. Бұл аспектілер өзара байланысты және бірін-бірі толықтырып, мұғалімдердің көп ұлтты ортада тиімді жұмыс істеу қабілетін дамытуға көмектеседі.

Соның ішінде, педагог кадрларды даярлау мәселесіне қойылатын талаптар айтарлықтай өзгеруде. Білім беруді ізгілендіру, мақсатты бағыттарды өзгерту, мұғалімдерге дербестік құқығын беру жаңа типтегі маманды қажет етеді, бұл ЖОО-да және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде оқу үдерісінің мазмұны мен технологиясының өзгеруіне әсер етеді.

**Мұғалімдерді кәсіби даярлау** – қоғамдағы өзгерістерге, білім беру парадигмасы мен технологиялық талаптарға бейімделетін динамикалық процесс. Ол үздіксіз оқытуды, теорияны практикамен біріктіруді және табысты оқыту үшін қажетті құзыреттерді дамытуды қамтиды. Көріп отырғанымыздай, кәсіби дайындық екі құрамдас бөліктен тұрады: *біріншісі* – мамандықты және оның теориялық негізін құрайтын білім салаларын түсінуге бағытталған шаралар жүйесі; *екіншісі* – оқушының таңдаған іс-әрекетімен сауатты айналысуға сенімі пайда болғанша өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамытуға бағытталған шаралар жүйесі.

Педагог кадрларды кәсіби даярлау үдерісінде, әсіресе білім беруді этнопедагогизациялау жағдайында *этнопедагогикалық және тіл мәдениеттері* тығыз байланысты. Бұл байланыс болашақ мұғалімдердің этномәдени құзыреттілігін дамытуға және мәдениетті таныстыру құралы ретінде тілді меңгеруге мүмкіндік беретін өзара ықпалдастық пен бірін-бірі толықтыруға негізделген.